

Жергілікті мерзімді баспасөзге жазылуға біржолғы материалдық көмек көрсету туралы

Күшін жойған

Қарағанды облысы Қаражал қалалық мәслихатының XXIII сессиясының 2009 жылғы 21 желтоқсандағы N 208 шешімі. Қарағанды облысы Қаражал қаласының Әділет басқармасында 2010 жылғы 20 қаңтарда N 8-5-84 тіркелді. Күші жойылды - Қарағанды облысы Қаражал қалалық мәслихатының 2010 жылғы 4 қарашадағы N 284 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Қарағанды облысы Қаражал қалалық мәслихатының 2010.11.04 N 284 шешімімен.

2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы", 1995 жылғы 28 сәуірдегі "Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне және соларға теңестірілген адамдарға берілетін жеңілдіктер мен оларды әлеуметтік қорғау туралы" Заңдарына және қалалық мәслихатының 2009 жылғы 21 желтоқсандағы XXIII сессиясының N 203 "2010-2012 жылдарға арналған қала бюджеті туралы" шешіміне сәйкес, қалалық мәслихат **ШЕШІМ Е Т Т І :**

1. Ұлы Отан соғысының қатысушыларына, мүгедектеріне және Ұлы Отан соғысы жылдарында тылдағы қажырлы еңбегі және мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы Кеңестік Социалистік Республикалар Одағының ордендерімен және медальдарымен наградталған адамдарға, жеке өтініштері бойынша, 2010 жылға жергілікті мерзімді баспасөзге жазылуға, біржолғы материалдық көмек көрсету **м а қ ұ л д а н с ы н .**

2. Біржолғы материалдық көмекті төлеу қалалық бюджет есебінен **т а ғ а й ы н д а л с ы н .**

3. Қаражал қалалық мәслихаттың 2008 жылғы 22 желтоқсандағы N 106 "Жергілікті мерзімді баспасөзге жазылуға біржолғы материалдық көмек көрсету туралы" шешімінің (2008 жылғы 30 желтоқсандағы нормативтік құқықтық кесімдер мемлекеттік тіркеудің тізімінде тіркеу нөмірі 8-5-62, 2008 жылғы 30 желтоқсандағы "Қазыналы өңір" газетінің 53 нөмірінде жарияланған) күші **ж о й ы л д ы** **д е п** **т а н ы л с ы н .**

4. Осы шешімнің орындалуын бақылау қалалық мәслихаттың әлеуметтік сала және құқық қорғау мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясының төрағасына (С. **С ы р т а н б е к о в**) **ж ү к т е л с і н .**

5. Осы шешім алғаш рет ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

XXIII сессияның төрағасы,
қалалық мәслихаттың хатшысы Н. Кәдірсізов

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК